Большую роль в экологическом образовании дошкольников играет практическая, исследовательская деятельность в природных условиях. К сожалению, современные дети, особенно городские, имеют весьма ограниченные возможности для общения с природой. А ведь экологическое образование должно начинаться с объектов ближайшего окружения, с которыми ребенок сталкивается в повседневной жизни, в том числе и потому, что процесс обучения будет неэффективным без эмоционального восприятия деревьев, трав, закатов, рассветов. А этого не случится, если изучать природу по картинкам и фотографиям даже самого лучшего качества. В любом городе, поселке есть интересные для наблюдений природные объекты: деревья, травы, насекомые, птицы. Изучать их лучше в процессе проектно-исследовательской деятельности.

В уголке экспериментирования проводится опытно-исследовательская работа, которая направлена на развитие поисково-познавательной деятельности детей дошкольного возраста:

- формирование у детей диалектического мышления, т.е. способности видеть многообразие мира в системе взаимосвязей и взаимозависимости;
- развитие собственного познавательного опыта в обобщенном виде с помощью наглядных средств (эталонов, символов, условных заместителей, моделей);
- расширение перспектив развития поисково-познавательной деятельности детей путем включения их в мыслительное, моделирующее действие;
- поддержание у детей инициативы, сообразительности, пытливости, критичности, самостоятельности.

Занимательные опыты, эксперименты побуждают детей к самостоятельному поиску причин, способов действий, проявлению творчества. Такие формы работы обеспечивают личностно-ориентированное взаимодействие взрослого с ребенком (вместе, на равных, как партнеров), создавая особую атмосферу, которая позволит каждому ребенку реализовать свою познавательную активность.

Разработана новая форма экологического воспитания детей «Экологический проект «Наше дерево-рябина Аленушка».

Цель проекта: выяснить представления детей о жизни деревьев, их отношения к ним, заинтересовать проблемой, поддерживать естественный интерес детей к природе, их любознательность.

Задачи проекта:

- выбрать дерево, которое нравится детям больше всего;
- получить о дереве наиболее полную информацию;
- сделать кормушку и повесить на дерево;
- сформировать у детей желание помогать и заботиться о деревьях как о живых существах.

Из всех деревьев на участке дети выбрали Рябину. Они поближе познакомились с деревом, каждый шепнул свое имя, обнял, погладил кору, послушал, что оно прошепестит в ответ. Детям было предложено проявить свою фантазию:

- Сравнить дерево с человеком.
- Провести исследование: почему дерево не падает?
- Узнать, когда у дерева менялось настроение, от чего это зависело? (зима, весна, лето, осень).
- Спасти нашу Рябинку и садовых питомцев от солнечных ожогов (весной).

Провели акцию «Помоги дереву». Подключили родителей сделать скворечник, кормушки для птиц и подарили деревьям на участке детского сада, чтобы спасти наших питомцев от нашествия гусениц.

Совершили экскурсию к рябиновому дереву за пределы детского сада с целью: делать добрые дела, найти и залечить ранки у рябинки (замазать замазкой), перебинтовать надломленную веточку.

Много интересного было в нашем проекте. Отмечали день рождения Рябинки»; выполнили аппликацию; занимались ручным трудом (изготовили наше дерево из картона, бумаги, веток), мастерили бусы, браслеты из ягод. Организована выставка детских творческих работ о рябине, о природе в разное время года на тему «Природу родную любим».

Дети отображают впечатления от общения с природой в своей художественно-творческой деятельности. Используют разнообразный материал: природный (солому, ягодки, листья); бросовый (вату, зубную пасту, нитки, карандаши, мелки, акварель, гуашь, цветную бумагу для обрывной аппликации); сыпучие (соль, макароны, пшено, горох).

Все знания, умения, навыки дети приобретают через игру, поскольку игра – естественный радостный вид деятельности. Игры и игровые элементы позволяют развивать у ребят самые разнообразные положительные качества и облегчают восприятие предложенных проблем и знаний.

Дидактические игры являются эффективным средством экологического воспитания. В процессе игровой деятельности у детей формируются экологические представления, интерес к природе и ценностное отношение к ней. Игры подбираются с учетом сформированных представлений у детей данного возраста.

Проведение игр в естественных условиях имеет свои сложности: дети легко отвлекаются, переключают свое внимание на посторонние предметы, на людей и т.д. Поэтому в таких играх целесообразно применять наглядный художественно оформленный материал, придумывать интересные игровые моменты, действия, занять всех детей решением единой задачи. В работе используем персонаж сказочного героя – Гриба-лесовика. При помощи сказочного героя можно провести любую игру, например, «Грибная полянка», «Осенний лес», «Построй домик животному», «Приготовь лекарство» и т.д. Игру можно оформить и музыкальным сопровождением. Детям очень нравятся игры, участвуя в которых они могут выиграть, опираясь на свои знания.

Знакомство детей с окружающим миром проводится через чтение экологических сказок, такие как «Зеленый друг», «О чем шепчет ручеек», «О том, как березка и ива остались верны родному дому», «Смелое дерево» и т.д. Эти сказки помогают в доступной и любимой детьми форме познакомить детей с взаимосвязями и взаимозависимостями между живой и неживой природой и деятельностью человека. Дети учатся на чужих примерах и ошибках, как нужно и не нужно поступать по отношению к природе.

Очень важно привлекать родителей к участию в конкурсах, развлечениях, выставках. В группе заранее вывешивается яркое, красочное сообщение о проведении мероприятия. Родители не остаются равнодушными: они собирают рисунки, фотографии, готовят вместе с детьми поделки из природного и бросового материала. Участие каждой семьи не остается без внимания. Взрослые и дети награждаются подарками, благодарственными письмами. Могут быть проведены выставки: «Лучший осенний

букет», «Дары осени», «К нам сказка пришла», «Это поможет природе» и т.д. В помощь родителям оформлен «Экологический стенд», где помещены статьи, стихи, загадки по теме, приметы, словесные игры для разучивания и занятий с детьми дома. С родителями проводятся консультации о лечебных свойствах лесных ягод: «Как правильно приготовить варенье, соки, не потеряв витамины», «Ежевика – источник здоровья», «Малина – в каждом доме» и т.д.

Работа, заключающаяся в реализации эколого-биологического направления, дала свои положительные результаты.

Во-первых, наши воспитанники стали более осознанно относиться к природе, научились замечать прекрасное рядом, любоваться красотой окружающего мира.

Во-вторых, у ребят развивается чувство эмпатии, т.к. дети сопереживают, понимают, что они ответственные за тех, кто рядом (животные, насекомые).

Наши дети никогда не бросят фантик от конфет на улице (кроме того, они сделают замечание родителям), не раздавят выползшего погреться на солнышко жука, не сорвут бессмысленно нежные одуванчики, с желанием принимали и принимают активное участие в сборе семян цветов для посадки на следующий год, с удовольствием помогают воспитателю ухаживать за животными в живом уголке. Придумывают истории, сказки с экологическим содержанием, знают стихи, пословицы, поговорки, загадки; дети осознают, что человек не хозяин природы, а ее друг.

Работа, которая ведется в системе и совместно с родителями, научит наших детей любить и беречь природу.

### Литература

1. Сулейменова Р.А. «Типовая специальная программа воспитания и обучения детей дошкольного возраста с нарушением зрения». – Алматы, 2010.
2. Лучич М.В. Детям о природе. – Москва.: Просвещение, 1989.
3. Иванова А.И. Методика организации экологических наблюдений и экспериментов в детском саду: Пособие для работников дошкольных учреждений. – М.: ТЦ Сфера, 2007.
4. Николаева С.Н. Экологическое воспитание младших дошкольников. Книга для воспитателей детского сада. Мозаика-Синтез, 2004.

5. Вакуленко Ю.А. Воспитание любви к природе у дошкольников. Волгоград, Учитель. – 2008.

**ӘОЖ 172.15:329.78 (574)**

**ӘСКЕРИ ПАРЫЗ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Нұрбаев С.Е., Шарбақты ауданы, Жаңаауыл орта мектебінің  
алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі*

*Бұл мақалада мектеп оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыру мәселесі қарастырылған.*

*В данной статье рассматривается проблемы формирования патриотического сознания среди учащихся школ.*

*The following article describes the problems of patriotic consciousness forming among pupils.*

Ұрпағымызды кеудесінде намысы бар, білімді, туған елін, жерін сүйетін өнегелі ұрпақ етіп өсіргіміз келсе, бар назарды келешек ұрпақ тәрбиесіне аударуымыз қажет. Қазіргі білімнің болашағы мол факторларының бірі – патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік білім құжаттарында маңызды орынды патриотизм, патриоттық тәрбиеге береді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары өзінің «қазақстандық» екенін мақтанатындай етіп тәрбиелеу үшін педагогика, халық педагогикасына сүйену қажет екенін айтады. Патриоттық тәрбиенің мазмұны мынадай қасиетті қалыптастыруды көздейді: Отанын сүю және азаматтығын мақтан тұту; өз отанының болашағы үшін, мамандығы үшін қызмет ету, ана тілін жетік меңгеріп сүйе білу халқының салт – дәсүрін, ерекшеліктерін білу, дінге, тарихи мұраларға құрметпен қарау, өз отандастарына, сондай – ақ басқа ұлт өкілдеріне адамгершілік көзқарас білдіру. Қазақстандық отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, елдегі барлық халықтарды достық қатынасқа тәрбиелеу аса маңызды міндет. Қазір Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет. Мұнда көптеген ұлттар мен халықтардың бір – бірімен тату – тәтті, сыйластық,

ынтымақта қатынас жасауы тиіс. Қазақстан олардың бәрінің отаны болғандықтан біздің елді мекендеген барлық халықтар отаншылдық рухында тәрбиеленуі қажет. Мектеп оқушылары арасында жүргізілген жұмыстарымызда, сабақтарда оларды қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеуге ерекше мән беруіміз керек. Ал қазақ жастарын отаншылдыққа тәрбиелеуге үлкен міндеттер жүктеледі. Өйткені, Қазақстанның байырғы тұрақты халқы – қазақтар, жердің де, елдің де негізгі, түпкі иесі солар. Сондықтан да алдымен қазақ жастарын отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу ерекше маңызды. Патриоттық тәрбиені ұрпақ бойына сіңіру үшін әр уақыттағы қазақ халқының басынан өткен оқиғаларды айта отырып, түсіндіру қажет. Оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастыруда алғашқы әскери дайындық пәнінің маңызы зор. Өйткені, бұл пән арқылы оқушылардың бойында қайсарлық пен елін, жерін қорғауға деген борышын шындауға оқытып үйретуді мақсат етеді [1, б. 1-2]. Сабақтың тәрбиелік міндетін анықтау өтілетін тақырыптың мазмұнына байланысты негізінен, бұрыннан белгілі оқу – тәсілдерінен бөлек, өлке материалдарын пайдалану да оқушыларға Отан тарихын, өлке тарихын сүйеге, құрметтеуге шақырады. Өз жерінің қадір – қасиетін біліп, танып өскен ұрпақ сол елдің азаматы болмақ. Алғашқы әскери дайындық пәні небір қаншама тарихи фактілерді, оқиғаларды баяндайды, осылардың бәрі олардың жүрегіне, сезіміне әсер етеді, адамгершілігі жоғары сапалы азамат болып қалыптасуына үлес қосады. Оқушыларды алғашқы әскери дайындық пәнінде тарихи материалдарды оқыта отырып, ерлікке, жауынгершілікке, батылдыққа тәрбиелеу де отаншылдыққа тәрбиелеумен тікелей байланысты. Қазақ халқы кейінгі тарихи оқиғаларда өзгерісті кезеңдер де, әсіресе Ұлы Отан соғысында, өзін патриотизм мен халықтар достығының жолын ұстаушы ретінде көрсетті. Бұл туралы мерзімдік басылымдардың беттерінде де жарияланды. Александр Берт өзінің кітабында былай деп жазды: «Қызыл армияның солдаттарының көбі қазақтар болды: жалпы алғанда бүкіл соғыс барысында қазақтар өздерін жақсы жағынан көрсете білді, ал Сталинградта өте жақсы солдаттардың көбісі орта азиялық халықтар – қырғыздар, қазақтар және башқұрттар болды». Бір жылға жоспар құрсаң егін ек, Жүз жылға жоспар құрсаң ағаш ек, Болашаққа жоспар құрсаң баланы тәрбиеле, деп шығыс нақылында айтылғандай, жас ұрпақты патриоттық

тәрбие негізінде тәрбиелесек егеменді еліміздің көк байрағы көк аспанда мәңгілік желбіремек [2, б. 2].

Патриотизм- Отанға деген сүйіспеншілік, әр азаматтың бойындағы күш-қуаты мен білімін, Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау деген сөз. «Патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі-онымен етене байланысып жатқан ұлттық рух пен ұлттық патриотизм. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі» -деп Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлы патриотизмнің мәні мен мазмұнын ашып көрсетті. Халқымыздың басты ерекшеліктерінің бірі-адам бойында ар-намысты ерте қалыптастыру, бала бойына сіңіру, сөйтіп оларды адам тіршілігінің, іс-қимылының өлшемі ретінде қарау. Ұрпаққа мұндай тәрбие беру-халықтың бүкіл өмір тіршілігінен көрінеді. Мектеп қабырғасында әскери-патриоттық тәрбие беру тек қана 10-11 кластарда жүргізілетін АӘД сабағында ғана емес, барлық класс оқушыларына сабақтан тыс өткізілетін іс-шаралар арқылы да беріледі. Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі Отан десек, оның мазмұны туған жер, ұлттық тіл, ұлттық дәстүр. Олар адам жүрегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерін ұялатып, ізгі істердің қайнар көзіне айналуы, патриотизмге тәрбиелеудің арқауы десек те болады. Патриотизм өзінен өзі қалыптаспайды, әр адам бала кезінен «Қазақстан менің Отаным, мен Отанымның алдында борыштармын» деген ойларды сіңіру қажет. Еліміздің Ата Заңы-Конституцияның 36- бабында «Қазақстан Республикасын қорғау-оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» деп атап көрсетілген. Отанның лайықты қорғаушысы болу күрделі жұмыс, сондықтан әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап, өзін әскери қызметке даярлауға, Өзінің Отаны Қазақстан Республикасының және оның халқының алдындағы жауапкершілікті ұғынуы тиісті. Әскери-патриоттық тәрбие жасөспірімдерді еліне деген сүйіспеншілікке, ұлттық армия сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге баулиды. Жастарды қазіргі еліміздің демократиялық ұстанымдарына баули отырып тәрбиелеу оларды жан-жақты, білімді азамат ретінде өсіру мектептің, сонымен бірге әскери жетекшілердің міндеті. Қазақстан Республикасының Үкіметі жасөспірімдердің, елінің азаматы мен патриоты болып қалыптасуына үлкен көңіл бөліп отыр. Осы бағытта Қазақстан

Республикасында «2010-2014 жылдарға арналған патриоттық тәрбие беру туралы» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаны жүзеге асырушы осы бағытта жұмыстанып оқушыларға Қазіргі кезде мектеп мұғалімдері, жасөспірімдерді саяси жағынан шындалды, бүгінгі қоғамның мұраттарына сенімі мол, саналы азаматтары етіп даярлауды өздерінің борышы санайды [3, б. 25]. Мұндай күрделі мақстаттарды іске асыруда тәлім-тәрбие жұмыстарының түрлері де әр-алуан. Бұған жастардың саяси-қоғамдық ұйымдарын, түрлі үйірмелерді, әскери-патриоттық клубтарды жатқызуға болады. Сондықтан оқушыларға тәрбие берудің негізгі бағыттарының бірі әскери-патриоттық бағытта тәрбиелеу болып табылады. Туған жеріне, еліне, тәуелсіз мемлекетіміздің конституциясы мен заңды сайланған президентіне адал қызмет ететін болашақ Отан қорғаушы жауынгерлерді дайындау мектеп қабырғасынан басталады. Егеменді еліміз Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің кепілі оның Қарулы Күштері болса, оның тәуелсіздігін қамтамасыз ететін саяси шындалған, шыншыл әрі батыл, қайсар да қайратты және жауапкершілігі жоғары жауынгерлерді даярлау ісімен мектеп қабырғасында жұмыс жасайтын әскери-патриоттық клубтар жүзеге асырады. Егер де агрессияшыл күштер ел тыныштығына қауіп төндіргендей болса қазіргі заманға соғыс қимылдарын жүргізу де Қазақстан қарулы Күштерінің жауынгерлеріне ерекше биік талаптар қояды. Қазіргі заманғы шайқаста өз Отаны мен демократиялық идеяларға, өз халқына шексіз берілген, жоғарғы моральдық-саяси және жауынгерлік қасиеттерге ие, өз ісінің дұрыс екеніне кәміл сенімді, қару мен техниканы шебер меңгерген, тәртіпті және шыныққан жауынгер жеңіп шығады. Қазіргі уақытта, армия мен флотты заманауи жаңа қару-жарақ түрлерімен, әскери техникамен жабдықтау кезінде жас жауынгерлерді оқыту мен тәрбиелеу міндеті едәуір күрделенді [4, б. 4]. Қысқа мерзім ішінде қазіргі қаруды меңгеру, өзінің Отанының лайықты қорғаушысы болу-күрлеі міндет; сондықтан әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап өзін әскери қызметке даярлауға, өз Отаны Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы азаматтық жауапкершілігін ұғынуға тиісті. Қарулы Күштер қатарында қызмет етудің мәртебесін арттыру, әскерге дейінгі жастардың дайындығын жоғарылату, мемлекеттік рәміздер мен нышандарға құрмет көрсету сезімдерін дарыту ісі де әскери-патриоттық клубтардың негізгі

міндеті болып табылады. Әскери-патриоттық клубтардың жастарды тәрбиелеудегі жұмысы, Қазақстандық патриотизм мен интернационализм, демократиялық қоғам ісіне шексіз берілгендік, Отанға және Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышын мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

### Әдебиеттер

1. Абдрахманова А.Н. Тәуелсіз Қазақстаным. / Абдрахманова А.Н. // Тәрбие жұмысы: Мектепте және мектептен тыс мекемелерде. – 2012. – № 1. – 2 б.
2. Абдуғазиева К. Мен қазақпын: [Патриоттық тәрбие] / Абдуғазиева К. // Тәрбие жұмысы: мектепте және мектептен тыс мекемелерде. – 2012. – №4. – 2-4 б.
3. Абилдаева М. Тілі басқа, тілегі бір: [Оқушыларды отансүйгіштікке, достыққа, басқа ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін сыйлауға тәрбиелеу] / Абилдаева М. // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2008. – № 2. – 25-28 б.
4. Абилова С.Н. Қазақстан – достықтың мекені: [Достық бар жерде келешек болады] / Абилова С.Н. // Тәрбие жұмысы: мектепте және мектептен тыс мекемелерде. – 2011 – № 2.– 4-5 б.

### ӘОЖ 14.33.09

#### **RISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР**

*Исабаева Г.Т., химия және биология пән мұғалімі  
№ 21 Жалпы орта білім беру мектебі (Павлодар қ)*

*Менің баяндамамдағы RISA зерттеуі жаратылыстану ғылымдарынан сауаттылығын физика, география, биология және химия саларынан алған білімін қоршаған ортаны түсіну мен адам өмірінде кездесу» мүмкін жағдайларда шешім қабылдау үшін қолдану ойларын ортаға салу болып табылады.*

*В статье рассматривается межпредметная связь в области естественных наук, которые формирует умение принимать решение в жизненных ситуациях. Межпредметная связь в заданиях RISA повышает функциональную грамотность учащихся.*

*The inter-subject relationship of nature deals with sciences in my article. Which forms the ability of making decisions in real-life situations. Interdisciplinary communication in the assignments increases the functional grammar of students.*

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы аясындағы нысаналы индикаторлардың негізгі бағыттары болып Қазақстанның білім сапасын халықаралық зерттеулердің (TIMSS, PISA, PIRLS) нәтижелері бойынша жасалған рейтингтегі орны көрсетілген [1]. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес 2015 жылы оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау (одан әрі – ОЖСБ) аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланады. Функционалдық сауат-тылықты тексеруге арналған тест тапсырмалары алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ барысында қолданылды.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Қазақстан Республикасында оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыс-тану ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география). Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері.

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттері. Жаратылыстану ғылыми сауаттылық – жаратылыстану ғылымындағы білі-мін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілет-тері [2].

Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірбиеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады. PISA халықаралық бағдарламасы оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын, нақты бір оқу пәндерімен тікелей байланысты емес мәселелерді шешу біліктіліктерін бағалауға бағытталған. Зерттеу құралдары, оқушылардың өмірде кездесуі мүмкін мәселелерді шешуде жалпы оқыту дағдыларының қалыптасқандығын және жаңа қоғамда тиімді қызмет етуін бағалау мақсатын көздейді.

Жаратылыстану ғылыми сауаттылық – жаратылыстану ғылымындағы білі-мін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттері. Химия пәні бойынша PISA тапсырмаларын құруда пәнаралық байланыс келесі оқу пәндерімен жүзеге асырылады: «Биология» пәнімен: оттектің, атмосфералық ауаның, судың және сулы ерітінділердің тірі организмдер үшін биологиялық рөлі және оларды ластанудан қорғау; жасушадағы судың биологиялық рөлі; фотосинтез процесінің маңызы; тірі организмдердегі микро- және макроэлементтердің маңызы; жүйелердегі бейорганикалық және органикалық заттардың маңызы; тұрмыста химиялық заттарды қолданудың экологиялық қауіпсіздігі.

«География» пәнімен: адамзат тіршілігіндегі судың рөлі және халық шаруашылығындағы және Қазақстан экожүйелеріндегі су

ресурстарын қорғау; Қазақстандағы металлур-гиялық, химиялық және қайта өңдеу кешендері; Қазақстан территориясындағы пайдалы қазбалардың кен орындары; минералды ресурстарды тиімді пайдалану және табиғатты экологиялық қорғау; энергияның альтернативті көздері; География оқу пәні ретінде табиғат заңдарын, қоғамның материалдық өмірін, қазіргі әлем бейнесін тануда биология, химия, физика және басқа да білімдердің өзара тығыз пәнаралық байланысын арттыруға көмектеседі. «Алгебра» пәнімен: физикалық шамалардың сандық мәндерінің пропорционалдық тәуелділігі; заттың мөлшерлік құрамы бойынша есептеулер; химиялық реакция теңдеулері және формулаларды қолданып есептеулер жүргізу; кеңістіктік конфигурация; молекуланың кеңістіктегі пішіні, молекула құрамындағы атомдар арасындағы валенттік бұрыштар; «Физика» пәнімен: атом, молекула және заттардың құрылысы туралы атом-молекулалық ілім; зат массасының сақталу заңы, Авогадро заңы; ерітінділердің тығыздығы, газдардың салыстырмалы тығыздығы және көлемі; кристалл торларының тип-тері және құрылысы; атом ядросының құрылысы, изотоптар; жылулық энергия түрі [2].

«Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басымдылықтарының бірі – білім беру саласын дамыту. Қазақстанның білім экономикалық ортаға бейімделуі мен халықаралық білім беру стандартына сәйкес келуі табылады. Қазақстанда жүргізіліп жатқан білім беру жүйесін реформалау құзырлылық ұстанымына және әлемдік білім беру кеңістігіндегі оқытудың озық әдістемелері мен амал-тәсілдеріне негіделген. Осыған орай оқушылардың білімін бақылау, бағалау жүйесін, ұлттық емтихандарды, алынып отыр. Ойткені құзырлылық сипатындағы тесттер, тапсырмалар оқушылардың игерген білімдері мен дағдыларың сыртқы ортадағы өзгерістерге сәйкес кіріктіре алу қабілеттерін анықтайды және дамытады [3].

### **PISA типтік тапсырмалары: Денсаулық пен сырқат**

Адамдар бір-бірімен кездескенде әдетте деннің саулығын тілеп, осы бір керемет, мейірімді сөздерді айтады. Қазіргі кезде денсаулық мәселесінің маңызы артып келеді. Адамның өз ағзасына дұрыс қаралуы – оның басты себебі.

### **Сұрақ 1. Сапасыз су**

Көптеген елді мекендерде орталық су құбырлары жүйесінің болмауына байланысты адамдарда осындай аурулар жиі кездеседі

А) тыныс жолдар аурулары

- B) жүйке-жүйесінің аурулары
- C) Асқазан, ішек аурулары
- D) Жүрек аурулары

### **Сұрақ 2. Алкоголь ішу**

Алкоголь ішу адамдарға көптеген ауруларға шалдығу қауіпін жоғарылатады. Алкоголь ішу төмендегі аурулардың қайсысының пайда болуына қауіпі бар.

Әрбір жолдан «Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін айналдыра сызыңыз.

<b>Алкоголь ішу кезде келесі аурулардың қайсысының пайда болу қауіпі жоғарлайды</b>	<b>Иә немесе Жоқ</b>
Қант ауруы – диабет	Иә / Жоқ
Бауыр циррозы	Иә / Жоқ
Гипертония	Иә / Жоқ

### **Сұрақ 3. Алкоголь**

Кейбір адамдар алкогольді тастау үшін кодтау әдісін пайдаланады. Кодтау пайдаланғанда адамның психикасы тұрақты болады және адам адамның алкогольге құштарлығы төмендейді немесе мүлдем жойылады.

Тәжірибеге 50 алкоголь пайдаланатын адам қатысты. 25 адамға кодтау әдісін пайдаланды. 25 адам өз еркімен тастауға тырысты. Зерттеу 8 ай жүргізілді. Зерттеу аяқталғанан кейін осы 50 адам ішінен қайта ішімдікке салынбайтын адамдар санымен кодтау әдісінің тиімділігі анықталды.

Тәжірибенің ең тиімдісі қайсы?

- A). 50 адамның барлығына кодтау әдісін пайдаланылды;
- B). 2 адамнан басқа, барлығы кодталды. Бұл 2 адам кодтау әдісін қолданбай ішімдікті тастағысы келеді;
- C). Зерттеуге қатысатын адамдардың барлығы қалай алкогольді тастау керектігін өздері шешеді;
- D). Зерттеуге қатысатын адамдардың жартысы кодтау әдісін пайдаланды. Жартысы өз еркімен тастауға тырысты.

### **Сұрақ 4. Алкоголь ішу**

Алкоголь ішу тастату үшін адамға ықпал ету жолдары бар. Техника және технология сыласының жетістіктері алкоголь ішумен күресу мәселерін шешуге қай әдісті қолдануға болады?

Әрбір жолдан «Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін айналдыра сызыңыз.

<b>Техника және технология сапасының жетістіктері алкоголь ішумен күресу мәселелерін шешуге қай әдісті қолдануына болады</b>	<b>Иә немесе Жоқ</b>
Алкоголь бағасының жоғарлауы	Иә / Жоқ
Маскүнемдік түрде әлеуметтік жерлерде жүретін тыйым салу	Иә / Жоқ
Алкоголь тәуелділігінен аралғысы келетін адамдарға медициналық көмек көрсету	Иә / Жоқ

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту нәтижесі білім алушылардың жастарға алған білімдерін тәжірибелік жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгереді

### **Әдебиеттер**

1. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 27.01.2012 ж.
2. «12 жылдық білім беру». Журнал, 2011-2012 жж.
3. 2014-2015 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін (сонымен бірге инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын) ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік-нұсқау хат

### **ӘОЖ 377.8**

#### **ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ**

*Бастауыш сынып мұғалімдері: Б.Р.Есен, Г.Н.Жағпарова,  
А.С.Қонқышева*

*№ 25 мектеп жалпы білім беру мектебі (Павлодар қаласы)  
E-mail: [abdrahmanova.bibinur@mail.ru](mailto:abdrahmanova.bibinur@mail.ru)*

*Біздің заманымыз – жазу заманы.... Сөздің жүйесін қиысын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орынды қалай өзгеріліп, қалайша*

*бір-біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек» болғандықтан «қазақ бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, жүйелерін де үйрету керек».*

*А. Байтұрсынов*

*В казахской начальной школе наряду с другими знаниями необходимо изучать систему звуков, слов, как образуются слова, как они изменяются в зависимости от местонахождение, как присоединяются друг к другу.*

*Наше время – время письма...*

*А. Байтұрсынов*

*Our time is an epoch of writing. It is necessary to know writing, the word formation, the changing and the connecting of the words, and so to teach Kazakh sound's system in Kazakh primary school in line with other knowledge.*

*A. Baitursinov*

«Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2010-2015 – жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында «Бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағуына» атап көрсетті. «Қазақстан қоғамындағы өзекті мәселелердің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, танымдық әрекетке қызығушылығының сауаттылығы» деп айқын көрсетілген. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі адам ресурстарын арттырудың ұстанымдарын, шығармашылық ойлауды қалыптастырудың теориясын басшылыққа ала отырып әлемдік бәсекелестікке лайықты жаңа тұлға ретінде тәрбиелеу болып отыр. «Жаңа технология тиімді әдіс – тәсілдері арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу» ұғымының мазмұны оқытудың жүйесіне жаңа көзқараспен қарауды талап етеді. Қазіргі даму кезеңі білім

беру жүйесінің алдына өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мәселесін қойып отыр. Қазіргі оқушы:

- Ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті жоғары;
- Мен білуге тырысамын;
- Өз қабілетіме сенемін
- Өз алдыма мақсат қоя білемін;
- Өз-өзіне деген сенімі жоғары, талантты;

Осындай жеке тұлғаны дамытып, қалыптастыруымыз керек.

«Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудың алғы шарты – өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, коммуникативті күзіретті, адамдармен өзара әрекет пен қарым қатынас тәсілдерін білетін, тілі дамыған жеке тұлғаны субъект ретінде дамыту және қалыптастыру», - деп 12-жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасында көрсетілген [1]. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту: тілін ұштау, сөйлеу мәдениетін және жазба тілін дамытумен қатар ой-өрісін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру. «Тілі дамымаған адамның ойы да дамымайды» деген халқымыз. Мектеп психологымен бірлесе отырып алынған диагностикалық жұмыстар мен сауалнамалар қорытындысы бойынша бірінші сыныпқа келген оқушыларда мына проблемалар анықталды:

1. Тілдері нашар дамыған, сөздік қорлары аз, өз ойларын еркін жеткізе алмайды;
2. Орыс тілді балалар.

Сондықтан да мен 2014-2015 жылдар аралығына «Жаңа технология тиімді әдіс – тәсілдері арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу» деген өзекті тақырып алдым.

**Зерттеу нысаны:** 3-4 сыныптар.

**Зерттеу пәні:** тіл дамыту, субъект-субъектілік қарым-қатынас.

**Болжам:** Егер білім беру ортасында қарым-қатынас педагогикалық, психологиялық тұрғыда қолайлы ықпал ететін ахуал болса, тілі дамыған бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырады. Мұғалім алдындағы балаға субъект ретінде қарап, оның ой белсенділігін, саналы әрекет белсенділігін күнделікті дамыта білуі керек. Сонда ғана тілі дамыған, өзіндік ой-тұжырымы, ұстанымы бар, өмір қағидаларына бейімделген, шығармашыл жеке тұлға қалыптасады деп ойлаймыз.

**Күтілетін нәтиже:**

- Ақыл-ойы дамиды;

- Танымдылық қызығушылығы артады;
- Шығармашылық белсенділігі артады;
- Коммуникативті құзіреттілігі артады.

Б.Г. Ананьевтің пайымдауынша, жеке тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі құру ерекшеліктері, іс-әрекетті жүзеге асыру үшін ішкі және сыртқы ахуалдарды үйлестіру тәсілі, іс-әрекеттің объектілік және субъектілік мақсаттары мен міндеттеріне орай барлық психикалық процестерді, қасиеттерді, кейіпті байланыстыру орталығы.

Қазіргі кезде жеке тұлға өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсендіруге дайын, бәскеге қабілетті және құзіретті, білімді, жан-жақты болу үшін алдымен оның тілін дамыту керек. Адам мәдениетіндегі өте күрделі көрсеткіштердің бірі-оның тілі болып табылады [8].

Тіл дамыту жұмысы- күрделі де шығармашылық процесс. Тілді дамыту ең бірінші кезекте баланың өмірден туатын қажеттілікті, өз сұранысын айтуға талпынуынан туады. Тіл байлығының мол болуы бір жағынан балада жаңа құбылыс, көрініс, ұғымдар мен түсініктердің көбеюіне, ал екінші жағынан, тілді жан-жақты меңгеруіне байланысты. Тілдің жақсы дамуының құралы тілдік қор болып табылады. Тіл дамытудың негізгі көрсеткіштері:

- Мен білуге тырысамын;
- Қазақ әдеби тіл нормасына сай сөйлей білу;
- Байланыстырып бейнелі сөйлей білу;
- Мазмұндылығы; анықтығы, мәнерлілігі;
- Грамматикалық, орфографиялық қатесіздігі.

Тіл дамытудың негізгі көрсеткіштерін жүзеге асыру үшін, оқудың алғашқы аптасында мына мәселелерді анықтап алдым:

- Сыныптағы әрбір баланың жалпы сөздік қоры;
- Сөздің дыбыстық жағын меңгеру дәрежесі;
- Байланыстырып сөйлеу дәрежесі.

Мектеп психологымен бірге оқушылардың тілдерінің дамуы, байланыстырып сөйлей білу дағдылары, зейін, қабылдау, фонематикалық есту, ойлау, есте сақтауларын зерттеу жүргізілді.

Мониторинг қорытындысында бағдарлама талаптарына сәйкес балалардың білімінің көлемі, сапасы, дағды дейгейі, танымдық-еріктілік белсенділіктері қарастырылады. Жоғары деңгей-балалар жоспарды ескеріп байланыстыра сөйлейді, тілі сауатты. Орта

деңгей- жоспарлы сөйлемейді, күрделі сөйлемдер құрауда қателіктер жібереді.Төменгі деңгей-сипаттау орнына сұрақтарға қысқа жауап береді, тілі сараң, байланыссыз.

Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу барысында мынадай қиындықтар кездесті:

1. Сөздік қоры тапшы бала сөйлегенде көңілінде сайрап тұрған ойын дәл білдіруге қажетті сөз таба алмай, сасқалақтап қиналып қалады.Баланың сөздік қоры біршама мол болғанымен, ол актив емес пассив болып есептеледі,яғни бала көптеген сөзді біліп, ұғына тұра, оны дер кезінде пайдаланып, үнемі қажетіне жарата алмайды.
2. Оқушылар арасында дыбыстарды бұзып айтушылық, «Р» орнына «Л»/ ротацизм/, «С» орнына «Ш» /сигматизм/;
3. Ойларын шашыратып, байланыссыз айту.
4. Сөзді қабылдауда мұғалімнің нені істеу керек екені жайлы айтқанын аяғына дейін тыңдамай, қолма-қол іске кірісетіні жиі кездеседі.

Тіл дамытудағы кездескен кедергілерді жүзеге асыруда, ең алдымен мектеп логопеді-мен бірлесе отырып, дыбысты дұрыс айтпайтын оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп, дыбыстық жаттығуларды жүйелі орындатып отырдық. Соның нәтижесінде әр сыныптан 2-3 баланың тілі түзеліп, дыбыстарды дұрыс айта алатын дәрежеге жетті.

Оқу басталған күннен бастап жүргізілген тіл дамыту жұмыстарының түрлері- мәтін құрату, мәтінді сөйлемге, сөзді буынға, дыбысқа талдату арқылы жүргізіп отырдым. Жаңа дыбыс пен және оның таңбасымен таныстырған кезде сабақты тіл дамытуға бағыттап жүргізіп отырдым

Бастауыш сатысы – оқушы дамуының іргетасы,оқу әрекетінің қуатты жүретін кезеңі.Қуатты кезеңдегң түбегейлі мақсат ,міндетті түрде жүзеге асыратын оқу пәнінің бірі – ана тілі. «Ана тілі»-1 сыныпқа арналған оқулық. Ол «Әліппе» оқулығын аяқтаған соң, оқу жылының екінші жартысынан басталып оқытылады.Бастауыш сынып пәндерін оқытуда да ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Мәселен,

1-сыныпта Тілдің дыбыстық жүйесімен танысу барысында «Рольдік ойындар» ойыны сабақта жаттығудың бір бөлімі ретінде 3-4 минут көлемінде жүргіземін. Ойын тәртібі:әріптері кем карточкаларды оқушыларға таратып беремін . Ойынға қатысушы

оқушы өзіндегі әріптен керектісін алып , әр сөздегі жоқәріпті қоюға тиісті. Берілген уақыт өткенде интербелсенді тақта іске қосылып оқушылар өзери орындаған жұмыстарын тексеріп, қай топтан қанша оқушының дұрыс орындағанын анықтайды. Ойын соңында қойылған әріптерді тапқызып дыбыстық талдау жасатамын.

Буын тақырыбын өткенде «Қай буынды жоғалттым?» ойынын жүргіземін. Бұл ойын 4-5 топқа бөліп жүргіземін. «Бос торкөзді толтыр» Карточкаларда бір торкөз әріп жазылмай ашық беріледі, қалған торкөздерге тиісті әріптер жазырады. Бұл ойын оқушыларды ойлай білуге өздігінен жұмыс жасауға, өз бетімен қорытынды шығаруға машықтанып, тапқырлыққа үйренеді.

1. Қазақ тілі фонетикасын оқыту барысында сөздегі не сөйлемдегі дауысты, дауыссыз дыбыстар санын ДЭЕМ –да анықтаудың бағдарламасын іздеп табады.
2. Сөз құрамында керекті әріпті табу бағдарламасын құр деп тапсырма беруге болады.
3. Тест арқылы тапсырманы сұрау, оған дұрыс жауап алу арқылы оқушы білімін бағалауға болады.

Ойын әдісін қолданғанда А.Байтұрсыновтың «.....баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету керек» деген қағидасын өнемі басшылыққа алып отырамын [10].

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында жиі кездесетін сөздер мен сирек кездесетін сөздерді анықтауға жұмыс жасатамын. Мысалы, оқушыларға адамның ой сипаттарын қатыстырып «Менің мысығым», «Менің досым» сияқты шығармашылыққа бағытталған тапсырмалар беремін. Жұмыстарын тексере отырып, нәтижесінде оқушылар көркем әдеби тілде өз ойын ұшқыр жеткізуге дағдыланады.

Соңынан мұндай тапсырмаларды оқушылар бірінен-бірі оқу арқылы көркем әдебиет тілін кеңінен меңгереді.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы.

Ана тілі сабағында оқушылар, мақал – мәтелдер, ертегілер сияқты ауыз әдебиеті үлгілерімен танысады. Оқушылардың мақалдарды түсініп, есте сақтауын қамтамасыз ету мақсатында

интербелсендіі тақтаның көмегі зор. Оқушыларға тақтаның сурет салу редакторы арқылы тақтада мақалдарды ребус түрінде беріп, оқушылар сол ребусты шешеді. Келесі сабаққа өздері де ребус ойлап тауып, тақтаға салып, басқа оқушылардың шешуін сұрайды.. Оқушыларға әуелі слайд көрсету арқылы өлең авторының өмір жолымен таныстырып, осы өлеңнің шығу тарихына ерекше тоқталып, мазмұнын меңгертіп, электронды оқулықта берілген әр түрлі интерактивті тапсырмаларды орындатамын. Бастауыш сыныптарда мәтіні ұзақ әңгімелерді оқыту үлкен қиыншылықтарға әкеп соғады, себебі балалар кітап оқып отырғаннан компьютерде көбірек отырғанын қалайды. Осы мәселенің шешуін де ақпараттық технологиялар көмегімен табуға болады. Үй тапсырмасы ретінде шығармашылық топ құрып, соларға осы әңгімеден үзіндіні кино қылып түсіріп, келесі сабақта интерактивті тақта арқылы сол киноны сыныпқа көрсетуге болады.

Сөйлем құрату-оқушыларды дұрыс та нақты сөйлеуге дағдыландырудың ең тиімді жолы. Оқушылардың ақыл-ойын, санасын дамыта отырып өздігінен жұмыс істей білуіне ерекше көңіл бөлдім. Ой дамыту – тіл дамытумен ұштасады.Тіл дамытудың тиімді құралдарының бірі- жаңылпаш, жұмбақ айтқызып,оның шешімін табу.Себебі бұлар баланың дүниетанымын, түсінігін, болжағыштығын, ұғымын кеңейтуде және тілін ұстартып, ойын дамытуда маңызды рөл атқарады.Баланың тілін шыңдай түсіп, асықпай ,жатық еркін сөйлеуіне көмектеседі. Жаңылтпаштар балаға затты аңғаруға, ой-өрісін дамытуға игі әсерін тигізеді.Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмейтін дыбыстарды анық айтуға жаттығады.Жұмбақтарда аталған нәрсенің сипат белгілеріне қарап, балалар олардың шешімін табады. Оқушыларды тез ойлауға, шапшаң жауап беруге, тапқырлыққа үйретеді..Қолданатын жұмбақты оңайынан бастап, бірте-бірте күрделендіріп отырамын. Бірінші сыныптан бастап мақал-мәтелдер көбірек үйретіліп, тілдерін дамытудың негізгі тәсілі- мақал-мәтелдер үйрету . Әдебиеттік оқу сабақтарында мақалды аяқтау тапсырмаларын жиі пайдаланамын.

Ашу- дұшпан., ақыл- дос.....

Туған жер,.....

Орны ауыстырылып берілген мақалды құрастыру тәрізді тапсырмаларды қолданамын:

1. Белгілі, сасқанда, ер ,шапқанда, ат ,белгілі
2. жанға,ат, серік, жақсы.

Нәтижесінде баланың тілі,ойлау қабілеті дамиды.Мақал-мәтелдер балаларға ой салумен қатар, оларды көркем және образды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын, сөздік қорын дамыта түседі, сөйлеу мәдениетін дамытады.

Оқушылардың ой-қиялын дамытып, эстетикалық сезімдерін ұштай түсетін шығармалардың бірі-ертегілер. Ертегілердің қай түрі болмасын баланың ой-өрісін, тілін, дүниетанымын дамытады, сөз байлығын арттырып , сөздік қорын кеңейте түседі. Сөз-тілдің негізгі өлшемі. Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі.Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады.Сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты [6].

Ойы шашыраңқы балалармен айтар ойын тәртіппен, жүйелі сөйлеуге үйрету жұмыстарын сабақта,сабақтан тыс уақытта жүргіземін. Оқушыларды ойды білдіруге көмегі жоқ, артық сөздерді қолданбай, таза сөйлеуге дағдыландыруда жұмыстар жүргізіп жатырмын. Оқушының сөйлегенде асығып-аптықпай немесе тым жайбарақаттыққа салынбай, байсалды сөйлеп үйрену, өзін дұрыс ұстау мәдениетіне де жаттықтыру жұмыстарын жүргіземін. Сонымен қатар әңгімелеу барысында сұрақ қоя білу, өзіне қойылған сұраққа тиянақты жауап қайтара алуға дағдыландыруға да көңіл бөліп отырамын. Оқушыларға көпшілік алдында сөйлей білуге үйрету қажет. Сынып алдында тыңдаушыларға қарап ойын асықпай-саспай, қысылмай айтып беру шеберлігіне үйрету де тілдерін жетілдіріп, ой ұшқырлығын дамытады, көпшілік алдында өзін ұстай алуға дағдыланатынына көзім жетті.

Қазіргі кезде «Жаңа технологияны технологияның тиімді әдіс-тәсілдері арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу білім беру жүйесін дамыту ісіне берері ұшан теңіз.Сабақта көру арқылы есте сақтайтын оқушылар үшін үнемі пәндер бойынша оқу ақпараттарын меңгеруін күшейту мақсатында электронды оқулықтар, интерактивті тақтаның толық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы өткіземін. Қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Кибернетиканың атасы Винер «Ақпарат сыртқы әлемге бейімделу арқылы одан алынатын мазмұнды бейнелеу» деген.

Б.Р. Есенөз тәжірибесінде «Назарбаев Зияткерлік мектебі» бойынша курстан өтіп, одан алған тәжірибесін әріптестерімен бөлісуде.

Бұл бағдарламаның басты мақсаты педагог қызметкерлердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, қазақстандық мұғалімдерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дайын болуға көмектесу. Мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдысын қалыптастыруға түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптастыруға көмектесетін оқу үрдісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз ету. Бұл бағдарлама негізінен жеті модульге сараланған. Модульдер:

1. Оқыту мен тәрбиедегі жаңа әдіс-тәсілдер
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
4. Оқытуда АҚТ-ны пайдалану
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту
6. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер ретінде «Диалог арқылы оқыту», «Қалай оқыту керектігін үйрету» деп қарастырамыз. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өз ара сұхбаттасуы және мұғаліммен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой пікірлерін жүйелеу мен дамытуына көмек беретін амал. Сын тұрғысынан ойлау кі мағынада қарастырады оқушылар мен мұғалімдердің сыни тұрғыда ойлауын дамыту. Оқушыларға қатысты: олар жан жақты ойлап, өз ойларын толықтай жеткізе біледі, ойлары дұрыс болмаса да еркін жеткізеді, әр оқушы әртүрлі пікір айту арқылы бір шешімге келеді.

Оқытуды бағалау (жиынтық баға) баға қою, мадақтау, қорытынды шығару. Оқыту үшін бағалау (формативті) әр топ оқушылары немесе бағалаудың түрлері бойынша бағалау. Әртүрлі

крийтиралар ,ым, ишара, білім ағашы арқылы, смаиліктер арқылы бағалауға болады.

АҚТ –ны пайдалану оқушыларға интертақтамен жұмысжасауға, ол арқылы сурет салуға, интернет желісінпайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді көруге дағдыланады.

Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып,оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Мектепішілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймыз, ал ешқандай шараға қатыспайтын оқушыларға әртүрлі жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады.

Жас ерекшеліктерінесәйкес оқыту да бұл модульмен тығыз байланыста. Көшбасшыны анықтау кез келген сабақта сынып оқушыларын топқа бөліп, әр топтан лидер таңдап алу. Келесі сабақта топтарды өзгертіп отырі, арқылы әр сабақ сайын лидерлер шығып, оқушылар толық қамтылып шығады.

Бұл бағдарламадағы осы айтылған 7 модульді кез-келген сабақтарда барлығын қолданып шығуға болады. Әріптестердің өткізген сабақтарында оқушылар топқа бөлінуді ,топпен жұмыс жасай білуге, оны постер арқылы қорғауға, бағалау түрлерін сабақта тиімді пайдалануды үйренді. Б.Рымбекқызы Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануда оқушылардың танымдық қажетсінунуін анықтау үшін мынадай тест құрап әріптестерімен пікірлесіп ортаға салды:

- мен білуге тырысамын
- Мен өз қабілетіме сенемін
- Өз пікірімді толық жеткізуге тталпынамын
- Сабақта кездесетін кедергілерді жеңуге тырысамын
- Өзімнің және жолдасымның әрекетін салыстырамын
- Өзімді бағалауға дағдыланамын
- Өз білімімді,тәжірибемді өмірде жүзеге асырамын деп ойлаймын

Осы аталвп кеткен стратегияларын қолдану ұтымды. Оқушылар өз бетінше тұжырымға жасау, қорытындыға келу,арасынан тиімдісін таңдай білу,мәселені шеше білу пікірталасжүргізу, басқалармен қарым- қатынас жасай білу, қажет жерде өз көзқарасын өзгерте алу, топ алдында өз ойын,қорғай білу қабілеті дамиды.Бұл жаңа әдіс-тәсілдерстратегиялары: «Сангвейн», «Вен диаграммасы», «Автор орындығы», «Эссе», «Сементикалық

карта», «Не білемін, не білдім», «Кубизм», «Фишбаум» т.б бала өз білім қабілетін, өз шығармашылығын көрсете алады. Бұл баланың еркін, терең, жан-жақты ойлауы мен дамуына жол ашады [9].

Сөйлеу тілін дамытуда ата-аналардың да көмегі зор. Сондықтан баласымен сөйлесуде ата-аналардың тіл шеберлігінің болуы, бала тіліне үлкен ілтипатпен қараулары жайында ата-аналармен ағартушылық жұмыстар жүргіздім. «Ата-аналардың тіл мәдениеті» атты дөңгелек үстел өткіздім. Аз да болса баланың тілін дамыту жайында білімдерін толықтырды деп ойлаймын.

